

**Аудандық қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ № 1 *a***

«13» ақпан 2023 жыл

Хромтау қаласы

Өткізу орны: Хромтау ауданы әкімдігінің акт залы

Өткізу күні: 13 ақпан 2023 жыл

Өткізу уақыты: 10.00

Қатысқандар: қоғамдық кеңестің мүшелері

Төрағалық еткен: аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы: Б.Ашабаев.

Күн тәртібі:

1. Хромтау ауданының әкімі А.Бекеттің «Хромтау ауданы бойынша 2022 жылы әлеуметтік- экономикалық дамуының қорытындылары және 2023 жылға қойылған міндеттер туралы есебі».

Тыңдалды:

1. Бекет А.Б. – Хромтау ауданының әкімі. Аудан әкімі өз есебінде 2022 жылы аудандағы және ауылдық округтерде әр түрлі салалар: бюджет, өнеркәсіп, инвестиция, жер, мал және егін шаруашылығы, шағын және орта бизнес, құрылыс, газдандыру, сумен қамту, электрожелілері, автокөлік жолдары, атаулы әлеуметтік көмек, ақылы қоғамдық жұмыс, кәсіпкерлік, білім, денсаулық бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды. (Баяндама қоса тігіледі).

Сонымен қатар алдағы 2023 жылға қойылған міндеттерге қысқаша тоқталып өтті.

2. Ашабаев Б.Б. – Хромтау ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы. Аудан әкіміне 2022 жылы салынып, құрылысы толық бітпей қалған нысандардың құрылысының толық аяқталуы бақылауға алып, сондай-ақ, аудан бойынша 2023 жылға арналған бюджет жоспарындағы қаражаттың мақсатты игерілуін қамтамасыз етуді ұсыныс етті.

Б.Ашабаев жиынға қатысушылардан басқа сұрақ бар-жоғын сұрады. Сұрақ жоқ. Аудандық қоғамдық кеңестің отырысын жабық деп жариялады.

Қоғамдық кеңестің төрағасы:



Б.Ашабаев

Қоғамдық кеңестің хатшысы:



Г.Нурмаханова